Бірнеше жылдар өткеннен кейін ол балғын тасбақаға айналады. Ол енді кішкентай балапан емес, бірақ әлі ересек те емес. Оның сауытының көлемі түскі ас ішетін тәрелкемен бірдей болады. Енді ашық теңіздің суларынан, Флориданың, АҚШ-тың жылы жағалауларына қарай кететін уақыт келді.

Сауытының үлкендеуінің арқасында балапан кезінен салыстырғанда, енді оған қауіп азаяды. Арасында медузаны жұтып қоятынына қарамастан, енді ол көбінесе балдырлармен және теңіз шөптерімен қоректенеді.

Ол жайлап өскенше,
бірнеше жылдар өтеді.
Ол жағалаудан алыс
кетіп, теңіз түбінде
қоректеніп ересек
тасбақаға айналады.




Түнде ол судың астындағы тастардың, төмпешіктердің қасында, бес сағатқа дейін демін тоқтатып тынығады. Ол күнде тасбақа шөбі деп аталатын теңіз шөбінің қасына қайта оралады. Көгалшапқыш сияқты тасбақа теңіз шөбінің жайылымын азайтады. Теңіз шөбін және балдырларды жеуінің арқасында оның дене майы жасыл түске боялады. Сондықтан бұл тасбақалар жасыл теңіз тасбақалары деп аталып кетті!

Құмға қайта оралу

Тасбақа 26-ға толған кезде, оның сауытының ұзындығы 90 сантиметрге, ал салмағы 120 килограммға жетеді. Енді ол жаңа саяхатқа аттанады. Ол өзінің ұзақ сапарын туған жеріне қайта оралудан бастайды. Сол кезде тасбақа өз жұмыртқаларын басуға дайындалады.

Теңіз тасбақасы 1 000 километрден астам қашықтықты жүзіп өте алады, себебі онда саяхатқа арналған заттың бәрі бар.

Оның жүзбеқанаттары құстың қанаттары сияқты. Ол судың ішінде ұшып жүреді. Ғалымдар теңіз тасбақалары өздерінің бағытын мұхит арқылы қалай табатынын әлі де зерттеуде. Олардың ойынша, тасбақалар Жердің магниттік алаңындағы өзгерістерді сезе алады. Бұл тасбақаларға бағыт картасын жасауға көмектеседі. Олардың еске сақтау қабілеті химиялық заттарды табуға немесе судың ішіндегі иістерді сезуге көмектеседі.



Туған жеріне оралғаннан кейін ол өзінің сыңарын табады. Бірнеше апта өткен соң, ол қараңғы батқанша күтіп, содан кейін жағалауға көтеріледі. Ол қараңғы батқаннан кейін шығады.

Келер буын

Судан шыққаннан кейін ол құрғақ жерге жету үшін бар күшін салады. Ол үлкен толқындар жұмыртқаларын шайып кетпейтін жерге жорғалайды. Алдыңғы жүзу қанатшаларын пайдаланып үлкен шұңқыр қазады. Бұл оның болашақ ұясы болады. Артқы жүзу қанатшаларының көмегімен ол шұңқырдың ішінен тағы кішірек шұңқыр қазады.

Екі сағат тынымсыз жұмыстан кейін, ол шұңқырдың ішіндегі кіші терең шұңқырға 100-ден аса жұмыртқа салады. Әрі олардың үстіне құмды тығыздайды. Содан кейін ұяның ішін толығымен құмға толтырады.


Келесі екі айдың көлемінде ол тағы да үш ұя қазып, олардың ішіне жұмыртқаларын салады. Екі айдан кейін жас тасбақалар қабықшаларын жарып шығып, өздерінің жеке саяхаттарын бастайды.

Тасбақалар өмірінің жалғасы

Барлық жұмыртқаларын салып болғаннан кейін, ересек теңіз тасбақасы қайтадан Флорида жағалауларындағы қорек алаңына барады. Көп жыл өткен сайын осы және басқа да ересек тасбақалар бұл жағалауға тағы да жұмыртқа салуға қайтып келеді.

Әрбір жасыл теңіз тасбақасы осылай өмір бойы жұмыс істейді, ол 80 жасқа дейін өмір сүруі мүмкін. Бұл уақыт аралығында мыңдаған жас тасбақалар туылып, ашық теңізге кетеді.

Теңізге саяхат және қайта оралу



1. Бірінші «Құмның бетіне шығу» бөлімінде не туралы айтылған?

- ☐ әр түрлі тасбақалардың сырт келбеті қандай болады.
- ☐ тасбақалар қалай жүзіп үйренеді.
- ☐ тасбақалар не жегенді ұнатады.
- ☐ тасбақалар қалай жұмыртқаларын жарып шығарады.

2. «Теңіз тасбақасы балапандарының бірі қозғалып, жұмыртқасынан шыға бастайды».

Тасбақа жұмыртқасынан жарып шыққаннан кейінгі алғашқы екі әрекетін жазыңыз.

3. Құмның бетіне шыққаннан кейін балапан тасбақаларға дұрыс жол табуға не көмектеседі?

Балапандарды шатастыратын не?

4. Неліктен балапан тасбақаның суға жету жолы «өмір сүрудің шешуші сәті» деп аталады?

Өз жауабыңызды түсіндіру үшін мәтінді пайдаланыңыз.

5. Жұмыртқасынан шыққан тасбақа толқындардан өткеннен кейін ең бірінші не істейді?

- ☐ басқа тасбақаларды іздейді.
- ☐ теңізге жүзуін жалғастыра береді.
- ☐ балдырлардың арасында тынығады.
- ☐ жейтін қорегін табады.

6. Мәтінде адамдар теңізді тасбақа үшін қауіпті дегенге қалай келтіреді?
-

7. Тасбақа балапаны сауытының түсі оларды жыртқыштардан қорғайды.

Ол құстардан қалай қорғанатынына мысал келтіріңіз.

Ол акулалардан қалай қорғанатынына мысал келтіріңіз.

8. Қашан теңіз тасбақасы 5 сағатқа дейін демін тоқтатады?

9. Ересек жасыл теңіз тасбақасының қоректенуі туралы мәтінде қандай деректер берілген?

- ☐ ол қоректі тастар мен тау ойықтарының астынан іздейді.
- ☐ ол қоректі табу үшін ұзақ жүзеді.
- ☐ ол қоректену үшін күнде бір жерге барады.
- ☐ ол қорек табу үшін иіс сезу қабілеттерін қолданады.

10. Неліктен теңіз тасбақасының дене майы жасыл түске айналады?

11. Теңіз тасбақаларының әр өмірлік кезеңдерінде олардың көлемі және қорегі туралы мәтінде қандай мағлұматтар берілген?

Төменде берілген кестені толтырыңыз.

Үш ұяшық сіз үшін толтырылған.

Өмірлік кезең	Көлем	Қорек
жұмыртқа		жұмыртқаның өзінің қорегі бар
балапан тасбақа		
балғын тасбақа	түскі ас ішетін төрелке	
ересек тасбақа		балдырлар және теңіз шөбі


12. Аналық жасыл теңіз тасбақасы неше жасында алғашқы жұмыртқаларын салады?

- ☐ 3 жас шамасында.
- ☐ 10 жас шамасында.
- ☐ 26 жас шамасында.
- ☐ 80 жас шамасында.

13. Ересек аналық жасыл теңіз тасбақасының өмірдегі қандай әрекеті ғалымдар үшін әлі түсініксіз?

- ☐ 1000 км-ден астам қашықтықты ол қалайша жүзіп өтеді.
- ☐ ол өзінің жұмыртқаларына қалай ұя салады.
- ☐ ол жыртқыштардың өзін жеп қоймауынан қалай қорғанады.
- ☐ ол жұмыртқа салатын дұрыс жағалауды қалай дәл табады.

14. Мәтіннен алынған диаграмма төменде көрсетілген.



Бұл диаграмма сізге нені түсінуге көмектеседі?

15. Автор жасыл теңіз тасбақасының ерекше екенін сізге қалай көрсеткен?

- ☐ оны сақтап қалуға көмектесуді сұрау арқылы.
- ☐ оның қандай ғажайып нәрселерді бастан кешетінін айту арқылы.
- ☐ оның қандай әдемі екендігін суреттеу арқылы.
- ☐ тасбақалардың аз ғана саны бүгінгі күнге дейін тірі екенін ескерту арқылы.

16. Мақала тақырыпшалары бірнеше бөлімдерге бөлінген. Әр бөлім сізге не туралы айтады?

- ☐ тасбақалардың кездестіретін әр түрлі қауіп-қатерлері.
- ☐ тасбақалардың әр түрлі өмір кезеңдері.
- ☐ тасбақалардың әр түрлілігін.
- ☐ тасбақалар туралы әр түрлі түсініктер.

Теңіз тасбақасының өмірлік саяхаты мәтінінің жауаптарын бағалау

2. «Теңіз тасбақа балапандарының бірі қозғалып, жұмыртқасынан шыға бастайды». Тасбақа жұмыртқасынан жарып шықаннан кейінгі алғашқы екі әрекетін жазыңыз.

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Анық түрде берілген ақпаратты іздеу

2 – Толық түсінік
Жауапта келесі екі әрекет келтіріледі: жұмыртқасының қабығын жарады, жұмыртқадан шығып, құм бетіне шығады. <u>Мысалдар:</u> • Жұмыртқасының қабығын жарады. <i>Ол жұмыртқасынан шығады.</i> <i>Ол жұмыртқаны ашады.</i> <i>Ол жұмыртқа қабығында тесік жасайды.</i> • Жұмыртқасынан шығады. <i>Ол жұмыртқасынан шығады.</i> • Жорғалап шығады. <i>Ол жоғарыға қарай жорғалайды</i> <i>Ол құм бетіне шығады.</i> <i>Ол ұясынан алыстайды.</i> • Суға қарай жүреді. <i>Ол суға қарай жүреді.</i>
1 – Жартылай түсінік
Жоғарыда келтірілген оқиғалардың біреуін атайды.

0 – Түсініксіз

Жауапта жоғарыда келтірілген ешқандай оқиғаны атамайды, ол нақты емес болуы мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.

Мысалдар:

Ол жүзеді.

Жасөспірім.

Ересек.

3. Құмның бетіне шыққаннан кейін балапан тасбақаларға дұрыс жол табуға не көмектеседі?

Балапандарды шатастыратын не?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Қорытындыларды тиянақтау

2 – Толық түсінік

Жауапта ай жарығы көмектеседі, ал көрші үйлерден немесе көшеден түсіп тұрған жарық шатастырады деп берілген.

Мысалдар:

- Көмектеседі.

Айдан түсетін жарық.

- Шатастырады.

Көше шамдары.

Терезе жарығы.

Адамдардан шығатын жарық.

Көлік жарығы.

1 – Жартылай түсінік
Жоғарыда келтірілген жауаптардың бірін атайды.
0 – Түсініксіз
Жауапта жоғарыда келтірілген ешқандай жауапты атамайды. Жауап нақты емес болу мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.
<u>Мысалдар:</u>
<i>Күн сәулесі.</i>
<i>Жарық (ай жарығы немесе көше жарығы екендігі нақты емес).</i>
<i>Ай (ай жарығы екенін нақты айтпайды).</i>

4. Неліктен балапан тасбақаның суға жету жолы «өмір сүрудің шешуші сәті» деп аталады? Өз жауабыңызды түсіндіру үшін мәтінді пайдаланыңыз.

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Қорытындыларды тиянақтау

1 – Дұрыс жауап
Жауапта тасбақалардың жыртқыштардан қашуға мәжбүр болуы айтылады.
<u>Мысалдар:</u>
<i>Теңіз шаяндары, бақылдақ құтан және құстар оларды жеп қою мүмкін.</i>
<i>Теңіз шаяндары мен құстар оларды өлтіру мүмкін.</i>
<i>Оларды жеп қою мүмкін.</i>
<i>Себебі құстар келіп, оларды жеп қою мүмкін.</i>
<i>Шағала және теңіз шаяндары оларды жеп қою мүмкін.</i>

0 – Бұрыс жауап

Жауапта тасбақаларға тез қозғалу керек екендігі айтылады, бірақ себебі айтылмайды, немесе акуланың оларды жеп қою мүмкіндігі айтылады. Жауап нақты емес болу мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.

Мысалдар:

Олар тез қозғалуға мәжбүр болады.

Тірі қалу үшін, тез қозғалу қажет (сұрақтың мазмұнын қайталайды).

Көлемі грек жаңғағынан үлкен емес.

Акула оларды жеп қояды.

6. Мәтінде адамдар теңізді тасбақа үшін қауіпті дегенге қалай келтіреді?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпаратты талқылау және жалпылау

2 – Толық түсінік

Жауапта төмендегі келтірілген екі жауап айтылады.

Пластикалық қалдықтар.

Қоқыстар.

Ластану.

Көше шамдары / жарық / автомобиль жарықтары.

1 – Жартылай түсінік

Жоғарыда келтірілген жауаптардың бірін атайды.

0 – Түсініксіз

Жауапта мәтінге сәйкес емес басқа қауіп-қатерлер келтірілген. Жауап нақты емес болуы мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.

Мысалдар:

Адамдар оларды басып кетеді.

Аңшылық.

Аумен аулау.

Акулалар.

У.

Мұнай.

7. Тасбақа балапаны сауытының түсі оларды жыртқыштардан қорғайды. Ол құстардан қалай қорғанатынына мысал келтіріңіз. Ол акулалардан қалай қорғанатынына мысал келтіріңіз.

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Анық түрде берілген ақпаратты іздеу

2 – Толық түсінік

Жауапта сауытының астыңғы мен үстіңгі бөлігі жөнінде айтылады.

- Сауыттың үстіңгі бөлігі қоңыр/қара.

Мысалдар:

Сауытының үстіңгі бөлігі суға ұқсайды.

Үстіңгі жағынан ол сумен араласып, байқалмайды.

- Сауытының астыңғы бөлігі – ақ түсті.

Мысалдар:

Сауытының асты жағы күн шуағына ұқсайды.

Астыңғы жағынан күн шуағымен бірге қосылады.

1 – Жартылай түсінік
Жауапта сауытының астыңғы немесе үстіңгі бөлігі жөнінде айтылады.
0 – Түсініксіз
Жауапта сауытының астыңғы немесе үстіңгі бөлігі жөнінде айтылмайды. Жауап нақты емес болуы мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.
<u>Мысалдар:</u>
<i>Сауытының астыңғы бөлігі – ақ түсті.</i>
<i>Акулалар оны көре алмайды.</i>
<i>Ол судың түбі сияқты көрінеді.</i>
<i>Құстар оны көре алмайды.</i>
<i>Сауытының үстіңгі бөлігі – қоңыр түсті.</i>
<i>Ол сумен араласады.</i>
<i>Ол көзге көрінбейді.</i>
<i>Жыртқыштар оны көре алмайды.</i>
<i>Сауаты мықты.</i>

8. Қашан теңіз тасбақасы 5 сағатқа дейін демін тоқтатады?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Анық түрде берілген ақпаратты іздеу

1 – Дұрыс жауап

Жауапта түнде, ұйықтаған кезде немесе демалған кезінде деп айтылады.

Мысалдар:

Ұйықтаған кезінде.

Демалған кезінде.

Түнде/түнгі уақытта.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта жоғарыда келтірілген жолдардан басқа жолдар келтірілген. Жауап нақты емес болуы мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.

Мысалдар:

Судың астында жүзу үшін.

Жасөспірім кезінде.

Қорек іздеу үшін.

Судағы тастар мен төмпешіктердің астында.

Жердің бетінде.

Қауіп төнген жағдайда.

10. Неліктен теңіз тасбақасының дене майы жасыл түске айналады?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Анық түрде берілген ақпаратты іздеу

1 – Дұрыс жауап

Себебі ол теңіз шөбімен қоректенеді.

Мысалдар:

Теңіз шөбі.

Ол жейтін теңіз балдырлардың арқасында оны жасыл түске бояйды.

Ол теңіз балдырлармен қоректенеді.

Ол жасыл тағаммен қоректенеді.

Шөп.

Ол өсімдіктермен қоректенеді.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта себебі келтірілмеген немесе басқа себеп келтірілген. Жауап нақты емес болу мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.

Мысалдар:

Дене майы жасыл түсті.

Сондықтан оларды осылай атайды.

Қоректің арқасында жасыл түске боянады.

Ол ересек тасбақаға айналады.

Оның дене майы жасыл түсті, себебі ол – жасыл теңіз тасбақасы.

Өйткені ол кәрі.

11. Теңіз тасбақаларының әр өмірлік кезеңдерінде олардың көлемі және қорегі туралы мәтінде қандай мағлұматтар берілген? Төменде берілген кестені толтырыңыз. Үш ұяшық сіз үшін толтырылған.

Өмірлік кезең	Көлем	Қорек
жұмыртқа		жұмыртқаның өзінің қорегі бар
балапан тасбақа		
балғын тасбақа	түскі ас ішетін тәрелке	
ересек тасбақа		балдырлар және теңіз шөбі

Мәтіннің түрі: Ақпараттық


Процесс: Ақпаратты талдау және жалпылау

3 – Кең көлемді түсінік
Дұрыс жауапта барлық 5 ұяшық толтырылу тиіс. Әрбір бос ұяшық үшін дұрыс және дұрыс емес жауапты көрсететін, келесі беттегі кестеде қою қаріппен белгіленген мәтінге қараңыз.
2 – Қанағаттанарлық түсінік
4 немесе 5 ұяшық дұрыс толтырылған.
1 – Минималды түсінік
3 немесе 5 ұяшық дұрыс толтырылған.
0 – Жеткіліксіз түсінік
2 немесе одан кем ұяшық дұрыс толтырылған. Жауап нақты емес болуы мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.

Өмірлік кезең	Көлем	Қорек
жұмыртқа	гольф добы ДҰРЫС ЕМЕС доп гольф	жұмыртқаның өзінің қорегі бар
балапан тасбақа	грек жаңғағы ДҰРЫС ЕМЕС жаңғақ	шаянтәрізділер (сонымен қатар, шаян, моллюскалар) медузалар ұлулар/теңіз ұлулары ДҰРЫС ЕМЕС пластик қалдықтары теңіз өсімдіктері балдырлар балық
балғын тасбақа	түскі ас ішетін тәрелке	балдырлар теңіз шөбі/шөп немесе теңіз балдырлары медузалар ДҰРЫС ЕМЕС гүлзар астындағы қорек балық
ересек тасбақа	90 см 120 кг ДҰРЫС ЕМЕС 90 120	балдырлар және теңіз шөбі

14. Мәтіннен алынған диаграмма төменде көрсетілген.

Бұл диаграмма сізге нені түсінуге көмектеседі?



Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Мәтіннің мазмұнын, тілін және элементтерін талдау және бағалау

1 – Дұрыс жауап

Жауапта тасбақаның тіршілік және өмір кезеңі туралы айтылады.

Мысалдар:

Тіршіліктің бүкіл кезеңдерінің қандай екенін көрсетеді.

Өмірдің әртүрлі кезеңдері.

Ол кезеңдердің кезектілігін көрсетеді.

Тасбақаның кезеңі.

Тасбақаның тіршілік кезеңі.

Ол бізге тасбақаның қалай өсуін көрсетеді.

Қалай өсетінін көрсетеді.

Тасбақалар жұмыртқасынан шығады, суға қарай жүреді, оралады және жұмыртқа салады (бүкіл кезеңдерді сипаттау керек).

Тіршілік кезеңдері / тіршілік жолы.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта тасбақаның тіршілік және өмір кезеңі туралы айтылмайды. Жауап нақты емес болуы мүмкін, мәтінге сәйкес емес немесе сұрақта келтірілген сөздерді қайталайды.

Мысалдар:

Ол қызық.

Ол тасбақалардың өмірі туралы.

Олар қалай жұмыртқасынан шығады (бүкіл кезең емес).

Тасбақаның не істеуін түсінуге көмектеседі.

Теңіз тасбақасының өмірін түсінуге көмектеседі.


Олар қалай өз ұяларын жасайды.

«Теңізге және теңізден саяхат».

Жұлдызқұрттың көбелекке айналуы


Дебора Хейлигман
Бари Вейссман

Бір күні біздің мұғаліміміз мектепке оңқаның ішіндегі жұлдызқұртты әкелді. Ол жасыл жапырақтарды жеді. Осы кішкентай жұлдызқұрт көбелекке айналуға тиіс болды. Әдетте, жұлдызқұрттар далада көбелектерге айналады. Алайда, біз жұлдызқұртымыздың көбелекке айналуын сыныбымыздың ішінде қарап отырдық.




Мұғаліміміз жұлдызқұртымыздың басында кіп-кішкентай жұмыртқа болғаны туралы айтты. Көбелек ана жұмыртқаны жапыраққа салды. Көбелек ана жұлдызқұрт жейтін жапырақтары бар өсімдікті таңдады. Жұлдызқұрт жұмыртқадан жарып шыққанда аш болды. Ол өз жұмыртқасының қабығын жеді. Сосын ол жасыл өсімдікті бірден жей бастады.


Өсу үшін жұлдызқұрттың жұмысы тек қана жеу болды. Күн сайын ол үлкенірек болды. Жұлдызқұрт 12 күн ішінде тамақтанды және өсті. Теріміз бізбен бірге өседі. Алайда жұлдызқұрттың терісі өспейді.



Жұлдызқұрт өз терісі үшін үлкен болған кезде, терісі оның арқасынан бөлінеді.



Жұлдызқұрт тура өз терісінен жорғалап шықты. Астында оның жаңа терісі пайда болды. Ол түсіру деп аталады. Жұлдызқұрт өз терісін төрт рет түсіріп тастады. Бірнеше күн өткеннен кейін жұлдызқұртымыз өсуді тоқтатты. Ол менің шынашағымдай болды.



Сосын жұлдызқұртымыз ерекше үй жасады. Біріншіден ол жібек ілгек жасады. Ол осы ілгекті бұтақтан аяғымен жоғары асылып тұру үшін қолданды.

Сосын ол соңғы рет өз терісін түсіріп тастады. Осы кезде ол, жаңа тер орнына, қатты қабығымен пілләні жасады. Біз пілләні ұзақ уақыт қарадық.

Күн сайын қабықтың түрі бірдей бола бастады. Алайда қабықтың ішінде өзгерістер пайда болды.




Біз ұзақ күттік. Сонан соң, бір күні, біреу «Қара!» - деп айқайлады. Қабық шытынап жатты. Бұл көбелек болды!

Көбелегіміз

дымқыл және
жапырылған болды.
Оның қанаттары
желбіреп тұрған кезде,
ол қабыққа ілулі
тұрды. Осы әрекет
оның қанаттарына қан
тартты. Қанаттар
созылады және
кептіріледі. Ұзамай
көбелегіміз ұшу үшін
дайын болды.





Көбелегіміз банканың ішінде тұра алмаған. Оған гүлдермен және шөп пен ағаштармен сыртта болу керек еді. Көбелегіміздің гүлге қонғанына қарадық. Ол ұзын шиыршық трубка арқылы, гүлдің шірнесін жайлап ішті. Мүмкін ол әйел көбелек болды. Мүмкін бір кезде ол жапыраққа жұмыртқа салады.

1. Мұғалім жұлдызқұртты бірінші рет сыныпқа әкелгенде, ол қандай еді?

2. Балалар жұлдызқұрттың көбелекке айналуын қайда қарап отырды?

3. Неге жұмыртқа жапырақтың астында болу керек еді?

4. Жұлдызқұрт жарып шыққан соң, біріншіден ол не істеді?

- ☐ жапырақты таңдады.
- ☐ өз жұмыртқасының қабығын жеді.
- ☐ жасыл өсімдіктерді жеді.
- ☐ жұмыртқа салды.

5. Жұлдызқұрттың терісі адам терісінен қалай ерекшеленеді?

- ☐ ол өспейді.
- ☐ ол жұлдызқұрт үшін тым үлкен.
- ☐ ол бірнеше күн ішінде өседі.
- ☐ жұлдызқұрт терісінің ішінде жорғалай алады.

6. Неге жұлдызқұртқа өз терісін түсіріп тастау керек еді?

- ☐ оның терісі кішірейді.
- ☐ ол аш болды.
- ☐ ол өз терісі үшін үлкен болды.
- ☐ оның терісі қартайды.

7. Неше рет жұлдызқұрт өз терісін түсіріп тастады?

8. Жұлдызқұрт өскенде қаншалықты үлкен болды?

9. Жұлдызқұрт жібек ілгекті не үшін қолданды?

10. Қабықтан не шықты?

- ☐ жасыл жапырақ.
- ☐ жаңа жұлдызқұрт.
- ☐ кішкентай жұмыртқа.
- ☐ көбелек.

11. Көбелек өз қанаттарына қанды қалай тартады?

- ☐ оларды кептіріп.
- ☐ оларды қағып.
- ☐ оларды созып.
- ☐ оларды ұйпалақтап.

12. Неге көбелек банканың ішінде тұра алмаған?
- ☐ олар оны одан бетер көргісі келмеді.
 - ☐ олар басқа жұлдызқұртты қалады.
 - ☐ ол банка үшін тым үлкен болды.
 - ☐ оны шығарып тастау керек болды.
13. Көбелек гүлдің шірнесін қалай алады?
- ☐ гүлдерді және шөпті жеді.
 - ☐ жасыл жапырақты шайнады.
 - ☐ трубка арқылы жайлап ішті.
 - ☐ қанат қақты.
14. Жұлдызқұртқа көбелекке айналғанда не болғанын дұрыс рет бойынша қойыңыз. Біріншісі сіз үшін жасалған.
- i. Жұлдызқұрт қатты қабық жасайды.
 - ii. Жұлдызқұрт жейді және өседі.
 - iii. Көбелек қанат қағады.
 - iv. Қабықтан піллә пайда болады.
15. Толық мақала туралы ойланыңыз. Неге мұғалім жұлдызқұртты сыныпқа алып келді деп ойлайсыз?

Жұлдызқұрттың көбелекке айналуы мәтінінің жауаптарын бағалау

1. Мұғалім жұлдызқұртты бірінші рет сыныпқа әкелгенде, ол қандай еді?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауап жұлдызқұрттың жапырақтарды жейтінін көрсетеді.

Мысалдар:

Жұлдызқұрт жапырақтарды жеп жатты.

Жапырақтар.

Өсімдіктер.

0 – Бұрыс жауап

Жауап жұлдызқұрттың жапырақтарды жейтінін көрсетпейді.

Мысал:

Тамақтану.

2. Балалар жұлдызқұрттың көбелекке айналуын қайда қарап отырды?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауап балалардың жұлдызқұрттың банкада (немесе сыныпта/мектепте) өзгергеніне қарайтынын көрсетеді.

Мысалдар:

Банкада.

Сыныпта.

Мектепте.

0 – Бұрыс жауап
Жауап балалардың жұлдызқұрттың банкада (немесе сыныпта/мектепте) өзгергеніне қарайтынын көрсетпейді. <u>Мысалдар:</u> <i>Сыртта.</i> <i>Жапырақта.</i>

3. Неге жұмыртқа жапырақтың астында болу керек еді?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпараттың идеясын талдау және біріктіру

1 – Дұрыс жауап
Жауап жұмыртқаның жасыл жапырақта, жұлдызқұртқа қоректену үшін (жарып шыққан кезде) салатынын көрсетеді. <u>Мысалдар:</u> <i>Оған қоректену үшін.</i> <i>Жұлдызқұрт оны жей алады.</i> <i>Жұлдызқұрт аш болады.</i>
0 – Бұрыс жауап
Жауап жұмыртқаның жасыл жапырақта, жұлдызқұртқа қоректену үшін жарып шыққан кезде салатынын көрсетпейді. <u>Мысалдар:</u> <i>Сондықтан көбелек жеу үшін оларды жей алды.</i> <i>Сондықтан оның өсуіне мүмкіндік болды.</i>

7. Неше рет жұлдызқұрт өз терісін түсіріп тастады?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауап жұлдызқұрттың терісін төрт рет түсіретінін көрсетеді.

Мысалдар:

Төрт рет.

4.

0 – Бұрыс жауап

Жұлдызқұрттың терісінін төрт рет ұйпалақтатынын көрсетпейді.

Мысалдар:

Төрт күн.

Бес рет.

8. Жұлдызқұрт өскенде қаншалықты үлкен болды?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауап жұлдызқұрттың өсіп болған соң шынашақтай болатынын көрсетеді.

Мысалдар:

Менің шынашағымдай болды.

Баланың шынашағындай болды.

Саусақ.

0 – Бұрыс жауап

Жауап жұлдызқұрттың өсіп болған соң шынашақтай болатынын көрсетпейді.

Мысалдар:

Қол сияқты үлкен.

Үлкен.

Кішкентай болды.

9. Жұлдызқұрт жібек ілгекті не үшін қолданды?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауап жұлдызқұрттың ілгекті (бұтақтан) аяғымен жоғары асылып тұру үшін қолданатынын көрсетеді.

Мысалдар:

Аяғымен жоғары асылып тұру үшін.

Асылып тұру үшін.

Бұтақтан асылып тұру үшін.

0 – Бұрыс жауап

Жауап жұлдызқұрттың ілгекті (бұтақтан) аяғымен жоғары асылып тұру үшін қолданатынын көрсетпейді. Жауап сұрақтан сөздерді қайталауы мүмкін.

Мысалдар:

Тамақтану үшін.

Үй жасау үшін.

14. Жұлдызқұртқа көбелекке айналғанда не болғанын дұрыс рет бойынша қойыңыз. Біріншісі сіз үшін жасалған.

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Ақпараттың идеясын талдау және біріктіру

1 – Дұрыс жауап

Жауап келесі ретпен болуы тиіс (2.1.4.3).

2 Жұлдызқұрт қатты қабығын жасайды.

1 Жұлдызқұрт жейді және өседі.

4 Көбелек қанат қағады.

3 Қабықтан піллә пайда болады.

0 – Бұрыс жауап

Жауап оқиғаларды дұрыс рет бойынша бермейді.
--

15. Толық мақала туралы ойланыңыз. Неге мұғалім жұлдызқұртты сыныпқа алып келді деп ойлайсыз?

Мәтіннің түрі: Ақпараттық

Процесс: Мәтіннің жарияланымын, тілі мен элементтерін қарастыру және бағалау

1 – Дұрыс жауап

Жауап мұғалімнің жұлдызқұртты сыныпқа әкеліп, балаларға оның көбелекке айналуын көрсету үшін әкелетінін көрсетеді.
--

<u>Мысалдар:</u>

<i>Оның көбелекке айналуын көру үшін.</i>

<i>Көбелек қалай құрылатынын білу үшін.</i>

<i>Балаларға оның өзгеруін көру үшін.</i>

0 – Бұрыс жауап

Жауап мұғалімнің жұлдызқұртты сыныпқа алып келгені туралы нақты емес түсінік береді немесе мұғалімнің жұлдызқұртты неге алып келгені туралы нақты емес сипаттама береді.

Мысалдар:

Жұлдызқұрт туралы білу үшін.

Көбелектің қалай жейтінін көру үшін.

Табиғат туралы білу үшін.

Бұл жақсы болды.

Батыл Шарлотта

Ану Стохнер

Иллюстрациясы Хенрике Уилсон

Шарлотта басынан бастап басқа қозыларға қарағанда ерекше болды. Барлық басқа қойлар аналардың қасынан шықпағанда, Шарлотта, керісінше, айналада секіріп жүріп, жаңа қызықты оқиғаның болуына дайын болды.

Шарлотта басқа қойлармен бірге фермадан алыс орналасқан тау бөктерінде өмір сүрді. Оларға қамқоршылық жасаған бақташы болды және осы бақташының Джек атты иті болды. Джек Шарлоттаны бақылауда ұстағысы келді, бірақ ол одан қорықпады.

Бір кезде Шарлотта өзен жағалауы бойынан секіріп, жылдам ағып жатқан суда жүзіп кетті.

«Ту, ту», - деді ескі қой, бастарын шайқатып. Шарлоттаның түнде ауылдың ішінде жасырынып жүргенін білсе, не айтар еді?





Барлық басқа
қойлар ұйықтап
жатқанда, ол өзінің
ерекше орынына барып,
айға қарайды.

Тіпті Джек
байқамады. Бірақ бұл
күндері оның құлағы аса
жақсы естімеуші еді

Бір күні сұмдық нәрсе болды. Шопан құлап, аяғын сындырды. Джек айналасында секіріп жүрді, бірақ ол шопанға ешқандай көмек көрсетпеді. Шопан не істерін білмей, шөптің үстінде жатты.

«Құдайым-ай, құдайым-ай», - деді үлкен қой.

«Біреу алқаптағы фермерлердің үйіне барып, көмек сұрауы керек».

Джек барсын, тек ол ғана баратын жолды біледі.

Бірақ ол өте алыс жер. Осы күндері Джек малды бағуда қатты қиналып отыр.

«Ия, айтқанын дұрыс», - деді басқалары, бастарын шайқап.



Сонда Шарлотта: «Мен бара аламын. Мен барамын» - деді.

«Шарлотта?» - деп ескі қой Шарлоттаны мазақтады. – Еш уақытта! Қой ешқашан жалғыз алқапқа барған емес». Үлкен қойлар қатты алаңдады. Бірақ Шарлотта оларға назар аудармай, алқапқа дұрыс жол іздеуге кетті. Шарлотта жазық, ағын және таулар арқылы секіріп жүрді.






Шарлотта жол бойына жеткенде, түн ортасы болған еді. Ол көліктердің қозғалысына қарап тұрды. Жүк көлігі жүргізушісі Шарлоттаны байқап, жолда тоқтады.

«Алқапқа барасыз ба?» - деп сұрады. Шарлотта басын изеді.

Автокөліктің ішінде қатты жылдамдықпен жүру өте қатты ұнады, бірақ осының кесірінен фермердің үйіне жеткенде Шарлотта өзін кінәлі сезінді.

Шарлотта терезені мұрнымен қаққанда, фермер ұйықтап жатқан еді. «Бұл Шарлотта, - деді фермер, - және ол жалғыз. Бір нәрсе болып қалған шығар».

Шарлотта және фермер басқа қойларды табу үшін тракторға отырды. Олар келгенде, бейшара шопан әлі шөптің үстінде жатыр екен. Фермер оны бірден ауруханаға апарады. Шопан қайта қой бағуды бастамас бұрын, алты ай бойы аяғы гипсқа оралып жату керек болды. Ол қайтып келгенде, Шарлоттаға алғыс білдірді. Содан бері, ол ұнаған жеріне баруына ерікті болды.



1. Джек деген кім?

2. Джек Шарлотта екеуі не істегісі келді?

3. Шарлоттаның басқа қойлардан ерекшеленетін екі жолын атап беріңіз.

4. Аймен суретте Шарлотта қайда тұр?

- ☐ ерекше орнында.
- ☐ ағын бойында.
- ☐ фермада.
- ☐ жасырын жерінде.

5. Неліктен Джек Шарлоттаның түнде шыққанын байқамай қалды?

6. Неліктен шопан шөптің үстінде жатты?

- ☐ ол фермермен кездескісі келмеді.
- ☐ ол аяғын сындырды.
- ☐ оның ұйқысы келді.
- ☐ ол айға қарап жатты.

7. Жануарларға көмек сұрау үшін қайда баруға тура келді?

8. Неге осы жағдайда Джектен жақсы көмек болатынына бір себебін келтіріңіз.

Неге осы жағдайда Джектен жақсы көмек болмағанының бір себебін келтіріңіз.

9. Шарлотта кеткенде үлкен қойлар өздерін қалай сезінген?

- ☐ қуанышты.
- ☐ сергіген.
- ☐ абыржыған.
- ☐ ашулы.

10. Неліктен Шарлотта қартайған қойларды естімеді?

11. Шарлотта жолдың бойына қашан жетті?

12. Жолдың бойына жеткенде Шарлотта не істеді?

- ☐ ол фермердің үйіне қарай жүрді.
- ☐ ол тұрып, қозғалысқа қарап отырды.
- ☐ ол жолды кесіп өтуге тырысты.
- ☐ ол жүк машинасын тоқтатуға мәжбүр етті.

13. Фермердің үйіне келгенде неге Шарлотта өзін кінәлі сезінді?

- ☐ ол басқа қойларды сағынды.
- ☐ ол фермерді ояту керек еді.
- ☐ ол жүк көлігімен жүруді жақсы көрді.
- ☐ ол шопан туралы алаңдады.

14. Жолдың бойына жеткенде Шарлотта не істеді?

- ☐ ол фермердің үйіне қарай жүрді.
- ☐ ол тұрып, қозғалысқа қарап отырды.
- ☐ ол жолды кесіп өтуге тырысты.
- ☐ ол жүк машинасын тоқтатуға мәжбүр етті.

15. Бір нәрсе болып қалғанын фермер қалай біліп қалды?

- ☐ Шарлотта жалғыз болды.
- ☐ Шарлотта фермерге бәрін айтты.
- ☐ Шарлотта жүк көлігіне келді.
- ☐ Шарлотта өкінішті көрінді.

16. Фермер және Шарлотта бірге не істеді?

17. Шопан гипсте оралған аяқпен қанша жатты?

18. Неге шопан Шарлоттаға алғысын айтты?

19. Мәтіндегі оқиғаларды дұрыс ретке қойыңыз.
Біріншісі сіз үшін жасалды.

_____ Шопан ауруханаға барады.

_____ Шарлотта алқапқа барады.

_____ ¹ Шопанға көмек қажет.

_____ Фермер қойшыны табады.

Батыл Шарлотта мәтінінің жауаптарын бағалау

1. Джек деген кім?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауапта Джек қартайған қой бағушы ит екенін көрсетеді.

Мысалдар:

Қартайған қой бағушы ит.

Қой бағушы ит.

Ит.

Шопанның иті.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта Джек қартайған қой бағушы ит деп келтірмейді немесе Джек туралы нақты емес немесе ертегіде Джектің не істегенін сипаттайды.

Мысалдар:

Қой.

Шопан.

Жануарлар (бұл жауап тым түсініксіз және нақты еместігіне назар аударыңыз).

Ол қойларға қамқорлық жасайды.

Ол Шарлоттаны бақылауда ұстайды.

2. Джек Шарлотта екеуі не істегісі келді?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауапта Джектің Шарлоттаны бақылауға алғысы келгені туралы айтылады. Осы идеяны басқаша сөзбен айтқан жауаптар дұрыс деп есептелінеді.

Мысалдар:

Шарлоттаны бақылауда ұстау.

Бақылау.

Оны тыныштандыру.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта Джектің Шарлоттаны бақылауға алғысы келгені туралы айтылмайды.

Мысал:

Шарлоттаны ұйықтату.

3. Шарлоттаның басқа қойлардан ерекшеленетін екі жолын атап беріңіз.

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпараттың идеясын талдау және біріктіру

2 – Толық түсінік

Жауапта төменде келтірілген мысалдарға сәйкес ертегіден Шарлоттаның басқа қойлардан ерекшеленетін екі жолды атап келтіреді.

ЕСКЕРТПЕ: Мағынасы анық басқа сөзбен келтірілген жауаптар дұрыс деп есептелінеді.

Шарлоттаның басқа қойлардан ерекшеленетін жолдары:

Ол батыл болды. / Ол ұялмады.

Ол айналасында секіріп жүрді (ал басқа қойлар өздерінің аналарының жанында тұрды). / Ол анасының жанында тұрмады.

Ол жаңа оқиғаларға дайын болды.

Ол өзен жағасынан секіріп, суда жүзуге барды.

Түнде жасырынып ауылға барды.

Ол ерекше орынға барды (және айға қарады), (басқа қойлар ұйықтап жатқанда).

1 – Жартылай түсінік

Жауапта жоғарыда келтірілген мысалдарға сәйкес ертегіден Шарлоттаның басқа қойлардан ерекшеленетін бір жолды атап келтіреді.

0 – Түсініксіз

Жауапта ертегіге сәйкес Шарлоттаның басқа қойлардан ерекшеленетін ешқандай жол атап келтірілмейді.

Мысалдар:

Ол Джектан қорыққан жоқ.

Ол ұялшақ болды.

Ол қорықты.

5. Неліктен Джек Шарлоттаның түнде шыққанын байқамай қалды?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Қорытынды жасау

1 – Дұрыс жауап

Жауапта Джектің Шарлоттаны түнде шыққанын байқамаудың себебі оның жаман естуіне байланысты туралы айтылады.

Мысалдар:

Ол өте жақсы ести алмайды.

Оның құлағы жаман болды.

Джек Шарлоттаны естімеді.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта Джектің жаман естуі туралы айтылмайды. Жауапта Джектің қартайғаны туралы айтылады, бірақ осыны оның нашар естуіне байланыстырмайды.

Мысалдар:

Ол ұйықтап қалды.

Ол қартайған ит.

7. Жануарларға көмек сұрау үшін қайда баруға тура келді?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауапта алқаптағы фермердің үйіне бару керектігі айтылады.

Мысалдар:

Фермердің үйіне.

Алқапқа.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта алқаптағы фермердің үйіне бару керектігі айтылмайды.

Мысалдар:

Фермаға.

Жолға.

Өзен ағысына.

8. Неге осы жағдайда Джектен жақсы көмек болатынына бір себебін келтіріңіз. Неге осы жағдайда Джектен жақсы көмек болмағанының бір себебін келтіріңіз.

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Қорытынды жасау

2 – Толық түсінік

Жауапта төменде келтірілген мысалдарға сәйкес ертегіден неге Джектің жақсы ЖӘНЕ жаман көмек болатынына себебін келтіреді.

Неге Джек жақсы көмек болды:

Джек баратын жолды білді.

Джек фермердің үйіне/алқапқа қалай жететінін білді.

Неге Джек жақсы көмек болмады:

Ол алысқа бару үшін тым қартайған еді.

Оған сапар шегу үшін тым алыс жер еді.

Оның қашықтыққа баруға шамасы жоқ.

Оған қойларды бағу керек еді.

Ол өте баяу / әлсіз.

Ол осы күндері малды бағуға қатты қиналып отыр.

1 – Жартылай түсінік

Жауапта төменде келтірілген мысалдарға сәйкес ертегіден неге Джектің жақсы НЕМЕСЕ жаман көмек болатынына себебін келтіреді.
0 – Түсініксіз
Жауапта ертегіге сәйкес неге Джектің жақсы немесе жаман көмек болатынына себеп келтірілмеген.
<u>Мысал:</u>
<i>Джек жақсы көмек, себебі ол жылдам.</i>

10. Неліктен Шарлотта қартайған қойларды естімеді?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап
Жауапта Шарлоттаның қартайған қойларды естімеуінің себебі - оның сол уақытта алқаптағы фермердің үйіне кетуі туралы айтылады.
<u>Мысалдар:</u>
<i>Ол кетіп қалды.</i>
<i>Ол фермердің үйіне баратын жолда болды.</i>
<i>Ол өте алыс болды.</i>
0 – Бұрыс жауап
Жауапта Шарлоттаның қартайған қойларды естімеуінің себебі - оның сол уақытта алқаптағы фермердің үйіне кетуі туралы айтылмайды.
<u>Мысал:</u>
<i>Шарлотта жақсы естімейді.</i>

11. Шарлотта жолдың бойына қашан жетті?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап
Жауапта Шарлоттаның жол бойына жеткен уақыты (түннің ортасы) келтіріледі. <u>Мысалдар:</u> <i>Түн ортасында.</i> <i>Түнде.</i> <i>Түн.</i>
0 – Бұрыс жауап
Жауапта Шарлоттаның жол бойына жеткен уақыты келтірілмейді. <u>Мысалдар:</u> <i>Ортасында.</i> <i>Фермер ұйықтап жатқанда (Ертегіде Шарлотаның жолды жеткен уақытта фермердің ұйықтағаны айтылмайды).</i>

16. Фермер және Шарлотта бірге не істеді?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап

Жауапта Шарлотта мен фермердің қойларды табу үшін трактормен барғаны туралы айтылады. <u>Мысалдар:</u> <i>Қойларды табу үшін тракторды айдады.</i> <i>Көлік жүргізді.</i> <i>Олар бірге көлік жүргізді.</i> <i>Қойларды тапты.</i> <i>Олар шопанға бара жатты.</i>
0 – Бұрыс жауап Жауапта Шарлотта мен фермердің қойларды табу үшін трактормен барғаны туралы айтылмайды. Жауапта ертегінің басқа бөлімнен мысал келтірілуі мүмкін. <u>Мысалдар:</u> <i>Олар ауруханаға барды.</i> <i>Олар алқапқа барды.</i> <i>Олар жүк көлігімен кетті.</i>

17. Шопан гипсте оралған аяқпен қанша жатты?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпаратты анықтауға назар аудару

1 – Дұрыс жауап Жауапта шопанның алты ай бойы гипсте оралған аяқпен жатқаны туралы айтылады. <u>Мысалдар:</u> <i>Алты апта.</i> <i>6 апта.</i>
0 – Бұрыс жауап

Жауапта шопанның алты ай бойы гипсте оралған аяқпен жатқаны туралы айтылмайды. <u>Мысал:</u> <i>Алты.</i>
--

18. Неге шопан Шарлоттаға алғысын айтты?

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпараттың идеясын талдау және біріктіру

1 – Дұрыс жауап
Жауапта шопанның Шарлоттаға оған көмектесу/фермерді шақыру үшін алғысын айтқаны, немесе жауапта жалпы шопанның Шарлоттаны мақтан тұтуы туралы айтылады. <u>Мысалдар:</u> <i>Ол фермерді шақыруға барды.</i> <i>Ол көмек шақыруға кетті.</i> <i>Ол жақсылығы үшін риза болды.</i> <i>Ол шопанды құтқарды.</i> <i>Ол шопанға көмектесті.</i> <i>Шопан Шарлоттаны мақтан тұтты.</i> <i>Себебі ол батыл.</i>
0 – Бұрыс жауап
Жауапта шопанның Шарлоттаға оған көмектесу/фермерді шақыру үшін алғысын айтқаны, немесе жауапта жалпы шопанның Шарлоттаны мақтан тұтуы туралы айтылмайды. <u>Мысалдар:</u> <i>Ол Шарлоттаны жақсы көрді.</i> <i>Ол қуанышты болды.</i>

19. Мәтіндегі оқиғаларды дұрыс ретке қойыңыз.

Біріншісі сіз үшін жасалды.

- _____ Шопан ауруханаға барады.
- _____ Шарлотта алқапқа барады.
- _____ ¹ Шопанға көмек қажет.
- _____ Фермер қойшыны табады.

Мәтіннің түрі: Әдеби

Процесс: Ақпараттың идеясын талдау және біріктіру

1 – Дұрыс жауап

Жауабы келесі ретте болуы тиіс (4, 2, 1, 3).

- _____ ⁴ Шопан ауруханаға барады.
- _____ ² Шарлотта алқапқа барады.
- _____ ¹ Шопанға көмек қажет.
- _____ ³ Фермер қойшыны табады.

0 – Бұрыс жауап

Жауапта оқиғалар дұрыс ретке келтірілмеген.

